

«Толық мерзімінен бұрын өтеу не ішінара мерзімінен бұрын өтеу» акциясын өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

«Толық мерзімінен бұрын өтеу не ішінара мерзімінен бұрын өтеу» акциясын өткізу ережесі (бұдан әрі – Ереже) «ОнлайнКазФинанс МҚҰ» АҚ-ның ресми ұсынысы (жария оферта), БСН 160840000397 (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) болып табылады және «Толық мерзімінен бұрын өтеу не ішінара мерзімінен бұрын өтеу» акциясын ұйымдастыру мен өткізудің барлық елеулі шарттарын, тәртібін қамтиды.

Төменде баяндалған шарттар қабылданған және Акция шарттары орындалған жағдайда тұлға қатысушы болады және Ұйымдастырушы мен қатысушының (қатысушылардың) қатынасына Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-399-баптарының нормалары қолданылады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты осы Ереженің мәтінімен мұқият танысып шығыңыз және егер Сіз оның қандай да бір тармағымен келіспесеңіз, Ұйымдастырушы Сізге Акцияға қатысудан бас тартуды ұсынады.

2. Негізгі ақпарат

2.1 Акцияны өткізу кезеңі – 2025 жылғы 12 қарашадан бастап 2025 жылғы 19 қарашаға дейін.

2.2. Ұтыс ойынын өткізу күндері: 2025 жылғы 21 қараша Астана қаласы уақыты бойынша сағат 17: 00-де.

2.3. Конкурс бойынша жүлде қоры жалпы сомасы 1 300 000 (бір миллион үш жүз мың) теңгені құрайтын 2 (екі) жүлдеден тұрады:

1) №1 жүлде – құны 1 000 000 (бір миллион) теңге қою көк түсті Apple iPhone 17 Pro Max 512GB Dual eSim смартфоны Акцияны өткізу Кезеңінде берешекті толық мерзімінен бұрын өтеген клиенттер арасында;

2) №2 жүлде – құны 300 000 теңге Apple AirPods Max 2 күлгін құлаққаптары - Акцияны өткізу Кезеңінде микрокредит беру туралы шарт бойынша негізгі борыш қалдығының сомасынан кемінде 50% (елу пайыз) сомаға ішінара мерзімінен бұрын өтеген клиенттер арасында.

2.4. Акция аясында Жүлделер ұтысы бойынша екі Жеңімпаз анықталады.

2.5. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар:

Акция – клиенттік базаны ұлғайтуға бағытталған науқан;

Микрокредит – Ұйымдастырушы клиентке микрокредит беру туралы шарт негізінде, ақылшылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында ұлттық валютада берген ақша;

Жеңімпаз – осы Ережеге сәйкес танылған Акцияның шарттарына сәйкес келетін Акцияға Қатысушы;

Сайт – Ұйымдастырушының www.solva.kz ресми интернет-ресурсы және/немесе «Solva.kz» мобильді қосымшасы және/немесе Ұйымдастырушының Instagram әлеуметтік желісіндегі @solva_app ресми аккаунты;

Клиент – акцияны өткізу Кезеңі басталған күні Ұйымдастырушының кез келген өнімі бойынша микрокредит беру туралы шарт бойынша қолданыстағы міндеттемелері бар жеке тұлға;

Акцияға қатысушы – 18 жасқа толған, ҚР резиденті және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Акцияның шарттарына сәйкес келетін Клиент, жеке тұлға.

2.6. Акцияның шарттары

- Ұйымдастырушының қызметкерлері, олармен үлестес тұлғалар, олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ Ұйымдастырушының 3 (үш) және одан да көп конкурстарына бір мезгілде қатысатын тұлғалар қатыса алмайды.

- Азаматтығы жоқ тұлғалар қатысушы бола алмайды;

- Микрокредит бойынша мерзімі өткен берешегі бар клиенттер қатысушы бола алмайды;

- микрокредит берілген күннен бастап Акцияны өткізу кезеңі басталған күнге дейін үш айдан астам уақыт өтуі тиіс;
- Акцияны өткізу кезеңі басталған күнге микрокредит беру туралы шарт бойынша берешектің қалдығы 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден кем болмауы тиіс;
- Акцияны өткізу кезеңінде Қатысушыға микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті толық мерзімінен бұрын өтеу немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша негізгі борыш қалдығы сомасының кемінде 50% (елу пайызы) сомасын ішінара мерзімінен бұрын өтеу қажет.

Егер Қатысушы жоғарыда аталған критерийлерге сәйкес келмесе немесе оның әрекеттері Ұйымдастырушыда жеңіске жету үшін жосықсыз әдістерді қолдануда күдік туғызатын болса, Ұйымдастырушы Акцияның кез келген нәтижелерін шығару кезінде оның белсенділігін ескермеуге құқылы.

3. Акцияның мәні

3.1. Акцияда Жұлделер ойнатылады. Жеңімпаздарды таңдау қатысушылардың реттік нөмірлері бойынша кездейсоқ сандар генераторы Random.org сервисі арқылы жүзеге асырылады. Ұтыс ойыны өткізілген күні қатысушыға ұйымдастырушыдан реттік нөмір берілгені туралы хабарлама келіп түседі. Жеңімпаздарды таңдау осы Ереженің 2.2-тармағында белгіленген мерзімде жүзеге асырылады. Жеңімпаздар Ұйымдастырушының Instagram-дағы @solva_app ресми аккаунтында жарияланады.

3.2. Ұтқан жағдайда Жеңімпаз ұтыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушыға Жұлдені алуға және оны алуға байланысты барлық шығыстарды көтеруге ниеті туралы хабарлауға, сондай-ақ Ұйымдастырушыға Жұлдені беру үшін қажетті сұратылған құжаттарды беруге міндетт.

3.3. Ұйымдастырушы өткізілетін Акцияға байланысты барлық қажетті салықтарды төлеуді қамтамасыз етеді.

3.4. Егер Акцияға қатысушы, ҚР бейрезиденті, 18 жасқа толмаған болса, Қазақстан Республикасының аумағында тұрмаса, Ұйымдастырушы жеңімпазды қайта таңдауға құқылы.

3.5. Осы Ереженің 3.2-тармағында көрсетілген мерзімдерде Жеңімпаздан Жұлдені қабылдау немесе оны қабылдаудан бас тарту ниеті туралы растау алынбаған, сондай-ақ Жеңімпаз Акция шарттарына сәйкес келмеген жағдайда Ұйымдастырушы Ұтыс ойынын өткізудің жаңа Күнін айқындайды және Ереженің 3.1-тармағында белгіленген тәртіпке сәйкес жаңа Жеңімпазды айқындау үшін кездейсоқ сандар генераторын қайта іске қосады.

3.6. Сыйлық атаулы болып табылады және оны үшінші тұлғаларға беру мүмкін емес. Қатысушы бірнеше рет Жеңімпаз бола алмайды.

3.7. Жұлде Жеңімпазға Ұтыс ойыны өткізілген және Жеңімпаздар жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде ғана беріледі.

3.8. Жұлдені алу фактісімен Жеңімпаз Ұйымдастырушының Жеңімпаздың атын жарнамалық мақсатта пайдалану құқығымен, сондай-ақ Ұйымдастырушының жарнамалық роликтерге қатысу үшін Жеңімпазды тарту, өзінің жарнамалық мақсаттары үшін фото және бейне материалдарды пайдалану құқығымен келіседі.

3.9. Ұйымдастырушының Акцияны өткізу мерзімін ұзартуға, Жұлдені беру рәсімін өзгертуге және Сайтта Акция және оны өткізу тәртібі туралы қосымша ақпаратты жариялауға құқылы.

3.10. Ұйымдастырушы Сайтта тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Ұтыс ойынын өткізуден бас тартқан жағдайда, ол өткізілмеген деп танылады. Бұл ретте, Ұтыс ойыны өткізілмеген жағдайда Ұйымдастырушыға қатысты қандай да бір жауапкершілік шаралары қолданылмайды.

3.11. Акцияның барлық Қатысушылары оған қатыса отырып, осы Ережеде көзделген талаптармен келіседі, оларды ұстануға және орындауға міндеттенеді. Егер Ұйымдастырушы Акция шарттарын бұзған немесе жұлдені алу үшін алаяқтық және/немесе

алдау актілерін жасаған Қатысушыларды анықтаса (айыбын ашса), Жеңімпаз Жұлдені алу құқығынан айырылады. Ұйымдастырушы қабылдайтын Жұлдені алудан бас тарту туралы шешім түпкілікті болып табылады.

3.12. Ұйымдастырушы мыналар үшін жауапты болып табылмайды:

- 1) қатысушылардың осы Ережеде көзделген міндеттерді орындамауы (уақтылы орындамауы);
- 2) қатысушының осы Ережені білмеуінен туындаған жағдайлар;
- 3) Акцияны өткізу кезінде Қатысушылардан хаттарды, қоңырауларды, факсимильді және (немесе) электрондық хабарламаларды, сәлемдемелерді, соның ішінде пошта немесе курьерлік қызметтің, байланыс ұйымдарының кінәсінен пайдаланылатын Интернет желісіндегі және (немесе) байланыс арналарындағы техникалық проблемалар және (немесе) алаяқтық нәтижесінде алмау;
- 4) Акцияны өткізу және Жұлдені беру мақсатында Қатысушылардан толық емес және (немесе) дұрыс емес байланыс және (немесе) өзге де мәліметтерді алу.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Тараптар осы Ереженің шарттарында көзделген жағдайларда және тәртіппен жауапты болып табылады немесе жауапкершіліктен босатылады.

4.2. Қалған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жалпы негіздер бойынша жауапты болып табылады.

5. Дербес деректер мен ақпарат, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтер

5.1. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңына сәйкес Қатысушы осы Ереженің шарттарымен келісе отырып, ұйымдастырушының қатысушы туралы дербес деректерді, оның ЖСН-ін және телефон нөмірін тек осы Ереженің мақсаттары үшін, сондай-ақ онда көрсетілген жағдайларда заңда тыйым салынбаған кез келген тәсілмен жинауды, өңдеуді, қол жеткізуді, сақтауды, алуды және таратуды жүзеге асыруымен келіседі.

5.2. Ереженің шарттарымен келісе отырып, Қатысушы, оның ішінде осы Қағидалардың шарттарын орындау нәтижесінде Ұйымдастырушыға Қатысушы туралы белгілі болған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты Ұйымдастырушы үшінші тұлғаларға тек осы Ережені орындау мақсаттары үшін не осы Ережеде көзделген жағдайларда не осындай ақпаратты беру Ұйымдастырушы үшін міндетті болатын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайларда ғана бере алады деп келіседі.

6. Өзге шарттар

6.1. Ұйымдастырушы Ережелердің шарттарын бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер мұндай бұзушылық еңсерілмейтін күш (форс - мажор) мән-жайларының әсерінен туындаса, оның ішінде: мемлекеттік билік органдарының іс-әрекеттері (оның ішінде құқықтық актілерді қабылдау), өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, басқа да табиғи апаттар, электр энергиясының болмауы және/немесе компьютерлік желінің істен шығуы, ереуілдер, азаматтық толқулар, тәртіпсіздіктер, Ұйымдастырушының осы Ереженің шарттарын орындауына әсер етуі мүмкін, жоғарыда аталғандармен шектелмей, кез келген өзге мән-жайлар.

6.2. Ұйымдастырушы Ережелердің шарттарына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады, осыған байланысты Қатысушы Сайтта жарияланған осындай өзгерістерді үнемі қадағалап отыруға міндеттенеді.

6.3. Ұйымдастырушы желінің, компьютерлік техниканың, аппараттық және/немесе бағдарламалық жасақтамасының жұмысына байланысты орын алған, жіберуді немесе конкурсқа қатысу үшін деректерді алуды шектейтін немесе кешіктіретін кез келген қателіктер үшін жауапты болмайды. Ұйымдастырушы барлық деректердің тиісті түрде берілетініне кепілдік бермейді және мұндай деректерді ұсынбау салдарынан конкурсқа

қатысудың жіберіп алған мүмкіндігі үшін жауап бермейді. Ұйымдастырушының жиынтық жауапкершілігі ешбір жағдайда Жүлде сомасынан аспауы тиіс.

6.4. Осы Ереже қазақ және орыс тілдерінде жасалды, мәтіндерде сәйкессіздіктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.

7. Ұйымдастырушының Деректемелері

«ОнлайнКазФинанс» МҚҰ АҚ БСН 160840000397 заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 502 үй, 9-шы қабат, пошталық индекс 050012